

## Науырзым ауданында мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы

### *Күші жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 17 мамырдағы № 100 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 8 маусымда № 6439 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 198 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 29.08.2016 № 198 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы б) тармақшасына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Науырзым ауданындағы жұмыс орындарының жалпы санынан үш пайыз мөлшерінде ауыр жұмыстарды, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыс орындарын есептемегенде мүгедектер үшін жұмыс орындарына квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жетекшілік ететін аудан әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Т. Даиров*